



ҚАУЛЫ

2021 жыл 17 ақпан

Кеген ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 46

с.Кеген

**Бәсекелестік ортаға беруге  
жататын коммуналдық меншіктегі  
нысандардың тізбесін бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысына және Алматы облысы әкімдігінің «Бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесін бекіту туралы» 2021 жылғы 16 ақпандағы №62 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2025 жылғы бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Елеусізова Бота Серікқызына тапсырылсын.

Аудан әкімі



Т. Байедилов

000091

Аудан әкімдігінің 2021 жылғы  
«    » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
қаулысына қосымша

**2025 жылы бәсекелес ортаға берілетін  
коммуналдық меншік кәсіпорындарының тізбесі**

<b>Рет саны</b>	<b>Нысанның атауы</b>	<b>Орналасқан орны</b>	<b>Объектілерді жекешелендіруді жүргізуге уәкілетті мемлекеттік мекеме</b>	<b>Жекешелендіру мерзімі</b>
1	Кеген ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Кеген су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Райымбек көшесі №58	Кеген ауданының «Қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	2025 жыл
2	«Қарқара газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Д.А.Қонаев, көшесі №137	Кеген ауданының «Қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	2025 жыл

Аудан әкімі  
аппаратының басшысы



М. Исаев